



# БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

## • 6B01606 – Тарих-география

### БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Нарық сұраныстары мен жұмыс берушілердің талаптарын есепке ала отырып, тарих және география саласында педагогикалық, ғылыми қызметті заманауи инструменталдық құралдарды пайдалана отырып жүзеге асыру үшін болашақ мамандыққа гуманитарлық білім беру жүйесінде табысты жұмыс істеуге мүмкіндік беретін, қазіргі заманғы пәндік, коммуникативтік, цифрлық құзыреттер мен дағдыларға ие кадрларды даярлау.

### КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ АЯСЫ

- білім беру және тәрбиелеу;
- ғылыми қызмет;
- білім саласын мемлекеттік реттеу

# ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

- ОН1** - географиялық және тарихи ғылымның пәндері және оның негіздері, сондай-ақ географиялық және тарихи талдау негіздері туралы түсінікке ие;
- ОН2** - экономикалық-географиялық және тарихнамалық процестердің заңдылықтарын біледі және қолданады;
- ОН3** - *академиялық адалдық мәдениетін түсіне және сақтай отырып*, сараланған және интеграцияланған оқытудың, дамыта оқытудың педагогикалық технологияларын қолданады
- ОН4** - оқытудағы құзыреттілік тәсілінің ерекшеліктері мен ерекшеліктерін меңгерген;
- ОН5** - оқу процесінің жаңа модельдері мен стратегияларын жобалау үшін педагогикалық мақсат қою әдістерін таңдайды, *әрі қарай оқуды өз бетінше жалғастыру дағдыларын меңгерген*;
- ОН6** - тарих пен географияны оқыту үдерісінде аргументтерді қалыптастырады және кәсіби міндеттерді шешеді, психологиялық және педагогикалық зерттеулер мен *академиялық жазу әдістерін жүзеге асырады*;
- ОН7** - педагогикалық жұмыстың тиімді құралдарын жалпылау және тарату әдістерін түсіндіреді;
- ОН8** - интеграцияланған пәндік-тілдік оқыту технологиясына сәйкес тарих және география бойынша оқу-әдістемелік материалды ресімдеу және әзірлеу әдістерін қолданады;
- ОН9** - білім беру ресурстарын, оның ішінде цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеудің қағидаттары мен әдістерін таңдайды;
- ОН10** - білім алушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алуға бағытталған белгілі педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, тарих пен географияны оқытудың берілген мақсаттарына сәйкес оқу қызметінің шарттарын әзірлейді, дербес құрастырады.